

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ СЕВЕРО-
КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

2020 ж. 25 желтоқсан №39

Петропавл қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Петропавловск

Солтүстік Қазақстан облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығы; «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығының негізінде; Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссияның 2020 жылғы 20 желтоқсандағы хаттамасын, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жанындағы коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі өңірлік комиссия отырысының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы хаттамасын; Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 57- АӘҚД «Қазақстан Республикасы халқының арасында коронавирустық инфекциямен аурудың алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» қаулысын; Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 23 қазандағы № 58- АӘҚД қаулысын басшылыққа ала отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысының аумағында карантиндік шектеу іс-шараларын өзгерту туралы» Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 38 қаулысында

1) 4-т. 2) т.ш. мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ойын-сауық, спорттық іс-шаралар, көрмелер, форумдар, конференциялар, сондай-ақ отбасылық, мерейтойлық іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу шаралары) өткізуге тыйым салу, соның ішінде үйде және көп адамдар жиналатын басқа да іс-шаралар, сондай-ақ жаңа жылдық кештер мен мерекелік корпоративтік іс-шаралар;»

2) 4-т. 5) т.ш. мынадай редакцияда жазылсын:

«5) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, компьютерлік клубтар, түнгі клубтар, боулинг орталықтары, балалар ойын алаңдары мен жабық аттракциондар, батуттар және басқалары), букмекерлік кеңселердің; кальян барларының; аквапарктердің қызметін тоқтата тұру;»

3) 4-т. 24) т.ш. мынадай редакцияда жазылсын:

«24) қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметін шектеу (үстелдер арасындағы қашықтықтың кемінде 2 метр болатындығын қамтамасыз ету, бір үстелге отыру бір отбасының мүшелерін қоспағанда, 4 адамнан аспауы керек) залда 30 орыннан көп емес, 30 орыннан аз объектілер үшін - болжамды сыйымдылықтың 50% -нан аспауы, ұжымдық және ойын-сауық іс-шараларына (билерге, аниматорлардың қойылымдарына, жаңа жылдық қойылымдарға және т.б.) тыйым салумен және жұмыс уақыты 08.00-ден 22.00-ге дейін;

тауарларды (азық-түлік, сусындар және т.б.) тұтынушыға жеткізу меншікті жеткізу қызметін немесе жеткізудің басқа қызметтерін пайдалана отырып, дүйсенбіден сенбіге дейін оралған түрінде 08.00-ден 24.00-ге дейін жүзеге асыру;

тауарларды (тамақ, сусындар және т.б.) тұтынушыға жеткізіп беруді қоспағанда, өз жеткізу қызметтерін немесе басқа жеткізілім қызметтерін пайдалана, пакетте немесе «алып кетуге» байланысты 08.00-ден 24.00-ге дейін тұтынушыға жеткізу, жексенбіде қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметін тоқтата тұру;»

4) 4-т. 26) т.ш. мынадай редакцияда жазылсын:

«26) 80% -дан аспайтын орналастыру жағдайында халыққа қызмет көрсету (қонақ үйлер, отельдер, демалыс үйлері, туристік базалар және т.б.) саласындағы туризм объектілері мен ұйымдарының қызметін шектеу;»

5) 4-тармақ мынадай мазмұндағы 39-тармақшамен толықтырылсын:

«39) № 57 ҚР БМСДҚ 9-қосымшасына сәйкес, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, орындардың санынан 30% -дан аспайтын кинотеатрлардың жұмысын, қатар бойындағы екі орындық арқылы және қатарлар арасындағы шахматтық тәртіпте көрермендерді отырғызу, жұмыс күндерін, демалыс және мереке күндерін сағат 10:00-ден 24:00-ге дейін, акциялар өткізбестен белгілеу. Карантиндік және шектеу шараларын бұзу фактісін анықтаған кезде жұмысқа тыйым салуды қамтамасыз ету;

6) 4 тармақтың 27 тармақшасы алып тасталсын;

7) 2 тармақта «қалалар» сөзі, 7) тармақша алынып тасталсын:

2. Бұл қаулы орындау үшін міндетті болып табылады және бұзылған жағдайда кінәлілерге әкімшілік шаралар қолданылады.
3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы қаулы 2020 жылғы 26 желтоқсандағы сағат 00 бастап күшіне енеді.

**Солтүстік Қазақстан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігері**

А. Күшбасов